

**D064 – «Халықаралық қатынастар»
білім беру бағдарламалары тобына
докторантураға түсушілерге арналған
емтихан бағдарламасы**

I. Жалпы ережелер

1. Бағдарлама «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығына (бұдан әрі – үлгілік қағидалар) сәйкес жасалды.

2. Докторантураға түсу емтиханы сұхбаттасудан, эссе жазудан және білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша емтиханнан тұрады.

Блогы	Балы
1. Сұхбаттасу	30
2. Эссе	20
3. Білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан	50
Барлығы/ өту ұпайы	100/75

3. Түсу емтиханының ұзақтығы – 3 сағат 10 минут, осы уақыт ішінде оқуға түсуші эссе жазады, электрондық емтихан билетіне жауап береді. Сұхбаттасу ЖОО қабылдау емтиханының алдында өткізіледі.

II. Түсу емтиханын өткізу тәртібі

1. D064 «Халықаралық қатынастар» білім беру бағдарламалары тобына докторантураға түсушілер проблемалық / тақырыптық эссе жазады. Эссе көлемі – 250 сөзден кем болмауы керек.

Эссе мақсаты – теориялық білімге, әлеуметтік және жеке тәжірибеге негізделген өз аргументациясын құрастыру қабілетінде көрініс табатын аналитикалық және шығармашылық қабілеттер деңгейін анықтау.

Эссенің түрлері:

- зерттеу қызметіне ынталандырушы себептерді ашатын мотивациялық эссе;
- жоспарланған зерттеудің өзектілігі мен әдістемесін негіздейтін ғылыми-аналитикалық эссе;
- пәндік саладағы ғылыми білімнің әртүрлі аспектілерін көрсететін проблемалық/тақырыптық эссе.

Білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтиханға дайындалуға арналған тақырыптар:

«Халықаралық қатынастар теориясы» пәні

Тақырып 1. Халықаралық қатынастар теориясының теориялық-концептуалдық негіздері және негізгі парадигмалары

Зерттеудің теориялық және қолданбалы деңгейлері. «Теория» түсінігі, теорияны құру логикасы, теорияның құрамдас бөліктері мен қызметтері. Гипотеза түсінігі, оның түрлері және қалыптастыру логикасы. Халықаралық қатынастарды теориялық ұғынудың қалыптасуы. Классикалық реализм мен идеализм. Н.Макиавелли, Т.Гоббс, Э. Деваттель, К.фон Клаузевиц, Г.Гроций, Д.Локк, И.Кант еңбектеріндегі халықаралық қатынастар мәселелері. Реализм және неореализмнің негізгі қағидалары. Халықаралық ортаның анархиялығы, күш және күштер тепе-теңдігі, ұлттық мүдде және қауіпсіздік. Либерализм және неолиберализмнің негізгі идеялары. Халықаралық институттар, режимдер, өзара тәуелділік және ынтымақтастық. Марксизм және неомарксизм. Әлемдік капитализм, әлемдік жүйе теориясы, «Солтүстік–Оңтүстік» мәселесі.

Тақырып 2. Халықаралық қатынастардың табиғаты, заңдылықтары және қазіргі теориялары

Халықаралық қатынастардың табиғаты және негізгі ерекшеліктері. Халықаралық қатынастардың заңдылықтары. Неореализм, неолиберализм және неомарксизм тұрғысынан халықаралық қатынастарды түсіндіру. Қазіргі халықаралық қатынастардағы өзгерістер мен тенденциялар. Институционализм, транснационализм, плюрализм, режимдер теориясы, неолибералды институционализм. Сын теориясы.

Тақырып 3. Халықаралық қатынастар теориясының негізгі парадигмаларын салыстырмалы талдау

Неореализм, неолиберализм және неомарксизмнің салыстырмалы сипаттамасы. Халықаралық ортаның сипаты, халықаралық қатынастар акторлары, олардың өзара әрекеттесу ерекшеліктері. Қазіргі халықаралық қатынастардың негізгі мәселелері мен даму тенденциялары. «Әлемдік саясат», «халықаралық қатынастар», «сыртқы саясат», «геосаясат», «қауіпсіздік», «қақтығыс», «дағдарыс» ұғымдары. Халықаралық қатынастарды сценарийлік және болжамдық талдау ерекшеліктері.

Тақырып 4. Халықаралық қатынастарды зерттеудің әдістері

«Әдіснама», «әдіс», «әдістеме», «зерттеу техникасы» ұғымдары. Формальды және бейресми зерттеу әдістері. Статистикалық әдістер, модельдеу, факторлық және корреляциялық талдау. Контент-талдау, ивент-талдау, когнитивтік әдістер. Іскерлік және стратегиялық ойындар.

Сараптамалық және болжамдық әдістер, «Дельфи» әдісі, ретроальтернативистика және альтернативистика.

Тақырып 5. Халықаралық қатынастарды зерттеудің жүйелік әдісі және сараптау деңгейлері

Жүйе, құрылым, функция, сыртқы және ішкі орта ұғымдары. Халықаралық жүйе түсінігі және оның ерекшеліктері. Халықаралық жүйелердің типологиясы. М.Каплан, Р.Арон және Ж.Дерриенник еңбектері. Сараптау деңгейлері мәселесі. К.Уолц, Дж.Сингер және М.Капланның үлестері. Жеке тұлға, мемлекет және халықаралық жүйе сараптау деңгейлері ретінде.

Тақырып 6. Халықаралық қатынастардың ортасы және геосаяси факторлар

Халықаралық қатынастар ортасы туралы түсінік. Ішкі және сыртқы орта. Әлеуметтік, саяси және экономикалық факторлар. Геосаясат түсінігі және оның негізгі концепциялары. Географиялық ортаның рөлі. Экологиялық факторлар және олардың халықаралық қатынастарға ықпалы. Қазіргі халықаралық қатынастардағы құрылымдық өзгерістер.

Тақырып 7. Халықаралық қатынастар жүйесінің акторлары

Халықаралық қатынастар акторлары туралы түсінік. Мемлекет халықаралық қатынастардың негізгі акторы ретінде. Мемлекеттердің стратификациясы: ұлы держава, алпауыт мемлекет, орташа держава, кіші мемлекет және микромемлекет. Халықаралық ұйымдар, трансұлттық корпорациялар және басқа да дәстүрлі емес акторлар. Ұлттық мүдде, мақсаттар және сыртқы саясат құралдары.

Тақырып 8. Сыртқы саясатты талдау

Сыртқы саясат ұғымы және оның функциялары. Сыртқы саяси үдеріс. Мемлекеттің сыртқы саясатының қалыптасуы. Сыртқы саясатты талдаудың теориялық негіздері. Салыстырмалы, құрылымдық және психологиялық талдау бағыттары. Тұлға, топ, ұйымдық құрылым және макроәлеуметтік деңгей сыртқы саясатты талдау объектілері ретінде.

Тақырып 9. Халықаралық үдерістер: қақтығыс, ынтымақтастық және интеграция

Халықаралық үдеріс түсінігі. Қақтығыс, ынтымақтастық және келіссөздер саясаттың негізгі формалары ретінде. Қақтығыстардың себептері, типологиясы және даму кезеңдері. Қақтығыстарды реттеу механизмдері. Интеграция теориялары: функционализм, неофункционализм және федерализм. Халықаралық келіссөздердің функциялары мен түрлері.

Тақырып 10. Халықаралық әлемдік тәртіп және қазіргі халықаралық қатынастар жүйесі

Әлемдік тәртіп түсінігі. Халықаралық жүйелердің тарихи эволюциясы. Қазіргі әлемдік тәртіптің ерекшеліктері. Халықаралық қатынастардың жаңа жүйесінің қалыптасуы. Қазіргі халықаралық қатынастардың саяси-құқықтық режимі. Жаһандық мәселелер: экология, ресурстар, халықаралық терроризм, трансұлттық қылмыс, есірткі саудасы. Халықаралық ұйымдардың қазіргі халықаралық қатынастарды реттеудегі рөлі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Waltz K.N. Theory of International Politics. –Reading Mass.: Addison-Welsey, 1979.- 390 p.
2. Бордачев Т.В., Зиновьева Е.С., Лихачева А.Б. Теория международных отношений в XXI веке. М.2015.
3. Введение в теорию международных отношений. /Под ред. А.С.Манькина.- М.,2001.
4. Современные теории международных отношений. Учебник. /Под ред.В.Н. Коньшева, А.А. Сергунина. – М., 2013.
5. Международные отношения и мировая политика. Учебник. /Под ред. П.А. Цыганкова – М., 2015.
6. Теория международных отношений : учебник для вузов / под редакцией П. А. Цыганкова. — Москва : Издательство Юрайт, 2026. — 317 с. <https://urait.ru/bcode/583177>
7. Лебедева М.М. Мировая политика / М.М.Лебедева. - М.: Кнорус. 2016. - 256 с
8. Боришполец К.П. Методы политических исследований. Учебное пособие для студентов вузов. - М.: Аспект Пресс, 2010. - 230 с.
9. Медеубаева Ж.М. Халықаралық қатынастар теориясы. Оқу құралы. - Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті. – 2006, 98 бет.

«Мегатрендтер және әлемдік саясаттың ғаламдық мәселелері» пәні

Тақырып 1. Халықаралық қатынастар жүйесі мен жаһандық мегатрендтердің теориялық-әдіснамалық негіздері

Халықаралық қатынастар жүйесі мен оның ғылыми бағыттарының деректік-теориялық сипаттамасы. Қазіргі кезеңдегі теориялық амалдар мен парадигмалардың бағдары. Трендтер мен мегатрендтер ұғымы, олардың классификациясы. Саяси дамудағы тенденция мен құқықтың арақатынасы: жаңа әлемдік тәртіптің құқықтық рәсімделу әдістері мен пікірталастар. Дивергенция, конвергенция, интеграция, дезинтеграция және параллелизм үдерістері. Батыс үстемдігінің трансформациясы («Де-вестернизация») және әлемдік саясаттың плюрализмі. Демократияландырудың қазіргі жағдайы мен баламалы ой таразысы. Байланыс, ақпарат және цифрлық инфрақұрылымның әлемдік саяси үдерістерге әсері.

Тақырып 2. Көпполярлық, жаңа әлемдік тәртіп және жаһандық гегемония трансформациясы

XXI ғасырдың алғашқы ширегіндегі жаңа әлемдік тәртіптің қалыптасу белгілері мен заманауи мемлекет түсінігі. Бірполярлық жүйеден шынайы көпполярлық пен полицентризмге көшу мегатренді. АҚШ, Қытай, ЕО және Ресей арасындағы жаңа жаһандық бәсекелестік пен стратегиялық текетірес. Гегемониялық тұрақтылық теориясының дағдарысы және гегемониясыз халықаралық ынтымақтастық шарттары. Орта державалар мен жаһандық Оңтүстік акторларының (БРИКС+, ШЫҰ) халықаралық саясаттағы рөлінің күшеюі. Идеологиялық, мәдени және доктриналық қарама-қайшылықтар. Күш тепе-теңдігінің өзгеруі және «жаңа қырғи-қабақ соғысының» ықтимал сценарийлері. Тақырып

Тақырып 3. Аймақтану мегатренді, жаһандық қауіпсіздік және ядролық қаруға бақылау мәселелері

Халықаралық қатынастардағы аймақтану және аймақтылық тұжырымдамалары: әртүрлі түсініктері мен анықтамалары. Мемлекеттік қауіпсіздіктің жаһандық және аймақтық қатерлері, өлшемдері мен тәуекелдері. Қазіргі геосаяси тұрақсыздық ахуалындағы халықаралық қатынастар жүйесіндегі қарусыздану мәселелері. Жаппай қырып-жою қаруларына бақылаудың халықаралық жүйелері және олардың дағдарысы. БҰҰ ауқымындағы ядролық қаруға бақылау және ядролық қарудан азат аймақтар құру мәселелерінің халықаралық қарарлары. Ұлттық қауіпсіздік стратегиялары мен Әскери доктриналардың заман талабына сай өзгеруі. Тақырып

Тақырып 4. Геоэкономикалық блоктар, дедолларизация және санкциялар геосаясаты

Экономикалық жаһанданудың шегінуі (деглобализация) және әлемдік көшбасшылық үшін бәсекелестік. Халықаралық экономикалық құрылымдардың (ДСҰ, ХВҚ, Дүниежүзілік банк) тиімділік дағдарысы. Мемлекеттердің сыртқы саясатында геоэкономикалық құралдарды («жұмсақ күштен» экономикалық қысымға) пайдалану үрдісі. Жаһандық қаржы жүйесіндегі дедолларизация мегатренді және баламалы ұлттық цифрлық валюталар мен есеп айырысу жүйелерінің пайда болуы. Саяси қысым құралы ретіндегі жаппай санкциялар соғысы, сауда шектеулері және жаһандық жеткізу тізбегінің фрагментациясы. Саяси үдерістердегі трансұлттық корпорациялардың (ТНК) егеменді мемлекеттермен билік үшін бәсекесі.

Тақырып 5. Жаһандық демография, көші-қон үдерістері және экологиялық геосаясат

Халықаралық қатынастардағы жаһандық демография мегатренді. Дамыған елдердің қартаюуы мен дамушы елдердегі демографиялық жарылыс арасындағы теңгерімсіздік және оның жаңа аймақтық қақтығыстарға әсері. Жаһандық көші-қон (миграция) үдерістерінің халықаралық қатынастарға әсері

мен қазіргі ерекшеліктері. Халықтың жаппай қоныс аударуы, урбанизация және климаттық миграция (экологиялық босқындар) мәселелері. «Саяси босқындар», заңсыз иммиграция және трансшекаралық аймақтар мәселелерінің ұлттық қауіпсіздікке әсері. Жаһандық климаттың өзгеруі және экологиялық қауіпсіздік. Көміртегі бейтараптығына қол жеткізу жолындағы мемлекеттер арасындағы бәсекелестік пен жасыл протекционизм. БҰҰ-ның қоршаған ортаны қорғау бағдарламасы (ЮНЕП).

Тақырып 6. Жасанды интеллект, Технологиялық жарыс және Киберкеңістік геосаясаты

Халықаралық ықпалдасудағы жаңа ғылым мен озық технологиялар факторы. Жасанды интеллект (ЖИ), кванттық есептеулер және жартылай өткізгіштер (чиптер) өндірісі саласындағы жаһандық технологиялық жарыс мемлекеттік бәсекелестіктің негізгі өлшемі ретінде. Мемлекеттердің жаңа ақпараттық технологиялар мен олардың құралдарын пайдаланудағы стратегиялық мүдделері. Киберкеңістіктің жаңа ұрыс және саяси текетірес алаңына айналуы: мемлекеттік деңгейдегі кибершабуылдар, кибершпиондық және маңызды инфрақұрылымдарды қорғаудың заманауи киберқауіпсіздік доктриналары.

Тақырып 7. Цифрлық трансформация, жаңа технологиялар және ақпараттық-когнитивті соғыстар

Жаһандық білім және инновация мегатренді: тиімділік, бәсекелестік, ерекшелік және заманауи тұжырымдар. Халықаралық ықпалдасудағы ғылым мен технологиялар. Жасанды интеллект (ЖИ) мен кванттық технологиялар саласындағы жаһандық технологиялық жарыс. Мемлекеттердің жаңа ақпараттық технологиялар мен олардың құралдарын пайдаланудағы саяси және экономикалық мүдделерінің көрініс табуы. Киберкеңістіктің жаңа ұрыс алаңына айналуы: кибершабуылдар және киберқауіпсіздік доктриналары. Жаһандық медиакеңістіктің қаруға айналуы және «ақпараттық соғыстар». Әлеуметтік желілер арқылы басқа мемлекеттердің ішкі саясатына, сайлау үдерістеріне ықпал ету технологиялары. Когнитивті соғыстар (адамдардың санасы мен мінез-құлқын манипуляциялау).

Тақырып 8. Қазіргі қақтығыстардың эволюциясы: гибридті қауіптер және этноконфессиялық үдерістер

Қазіргі әлемнің жаңа және ескі қақтығыстары және олардың ерекшеліктері. Дәстүрлі әскери қауіпсіздік тұжырымдамасының эволюциясы және «қатаң» күштің «жұмсақ» және «ақылды» күшпен (smart power) араласуы. Гибридті соғыстар заманауи мегатренд ретінде. Жаңа үлгідегі халықаралық лаңкестік, экстремизм және трансұлттық ұйымдасқан қылмыспен күрестің халықаралық стратегиялық құжаттары. Этноконфессиялық әртүрлілік және қазіргі қоғамдағы анклавтану үдерістері. Мораль, этика және пацифизм дәстүрлері. Қарулы қақтығыстағы мораль проблемасы, «гуманитарлық интервенция» және саяси интервенция

мәселелері. Саяси көшбасшылар мен элитаның шешім қабылдау үдерісіндегі рөлі.

Тақырып 9. Халықаралық институттар мен аймақтық кешендердің институциялануы

Теориялық пікірталастардағы халықаралық интеграция. Аймақтану мәселелеріндегі интеграциялық үдерістердің қазіргі алғышарттары. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін құрылған халықаралық институттардың (БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі, ЕҚЫҰ, ДҰҰ) қазіргі жаһандық қақтығыстарды шешудегі пәрменсіздігі мен легитимділік дағдарысы. Халықаралық құқықтың селективті қолданылуы («қос стандарттар» мәселесі). Еуропа және Тынық мұхиттық Азиядағы аймақтық кешендердің институциялануы. Халықаралық қатынастардағы Орталық және Шығыс Еуропа ахуалы. НАТО-ның трансформациясы және жаңа аймақтық қауіпсіздік блоктарының (AUKUS, QUAD) құрылуы. Интерпол мен Еуропол жүйесінің трансұлттық киберқылмысқа қарсы бейімделуі.

Тақырып 10. Аймақтық мегатрендтердің даму сценарийлері және Орталық Азия геосаясаты

XXI ғасырдағы ұлы державалық өлшемдер мен ерекшеліктер. Шығысазиаттық ішкі жүйедегі көшбасшылық және ҚХР қазіргі сыртқы саяси стратегиясы. Американааралық кеңістіктегі эволюция сценарийі және латынамерикандық елдердің халықаралық қатынастардағы орны. Таяу Шығыс ареалындағы және кеңестік кезеңнен кейінгі кеңістіктегі халықаралық қатынастар динамикасы. Көпполярлы әлемдегі Орталық Азия аймағының геостратегиялық және геоэкономикалық маңызының артуы. Аймақ елдерінің сыртқы саясатындағы көпвекторлық және «Орталық Азия плюс» форматының белсенді мегатренді. Аймақтық интеграцияның жаңа кезеңі («Самарқанд үдерісі»). Қытайдың «Бір белдеу – бір жол» бастамасының және Орта дәліз жобасының геосаяси аспектілері. АӨСШК (СІСА) мен ШЫҰ-ның аймақтық қауіпсіздіктегі орны. Қазақстанның Орталық Азия кеңістігіндегі тепе-теңдік, дипломатиялық медиация және жаһандық қауіпсіздіктің сенімді серіктесі ретіндегі стратегиялық рөлі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Мегатренды: Основные траектории эволюции мирового порядка в XXI веке: Учебник / Под. ред. Т. А. Шаклеиной, А. А. Байкова. . — 2-е изд., испр. и доп. — М.: Издательство «Аспект Пресс», 2017. — 448с. (Загружено в систему «Универс»).
2. История международных отношений в новейшее время. Учебник /под
3. Арыстанбекова А.Х. Глобализация. – Алматы, 2007
4. Мегатренды мировой политики и их развитие в XXI веке: Учеб. пособие для студентов вузов / Под ред. М.М.Лебедевой. — М., 2019. - 400 с

5. Актуальные вопросы интеграции и глобализации на примере Европы: сб. науч. тр. Ж. У. Ибрашева.- Алматы: Қазақ ун-ті, 2008.- 8 экз.

6. Kissinger, H. Does America Need a Foreign Policy?: Toward a Diplomacy for the 21st Century / Henry Kissinger.- New York: Simon & Schuster, 2001.- 318p. 1 экз.

7. ОБСЕ и вызовы региональной безопасности. – Алматы, 2009. – 25 экз.

8. Лаумулин М.Т. Центральная Азия в эпоху трансформации. – Нур-Султан: КИСИ при Президенте РК, 2020. – 464с.

9. Екимова Н.А. Глобальные мегатренды и новые технологии: вызовы и угрозы постиндустриальной экономике // Экономические и социальные перемены: факты, тенденции, прогноз. 2021. Т. 14. № 5. С. 116–134. DOI: 10.15838/esc.2021.5.77.7

«Жаһандық қауіпсіздік және заманауи халықаралық қақтығыстар» пәні

Тақырып 1. Жаңа әлемдік тәртіп жағдайындағы «халықаралық және аймақтық» қауіпсіздік түсінігі.

Жаңа әлемдік тәртіпт жағдайындағы «халықаралық қауіпсіздік» тұжырымдамасына теориялық көзқарастарды талдау. Қауіпсіздікті саяси реализм тұрғысынан түсіндіру. Қауіпсіздікті неолибералистік тұрғыдан түсіндіру. Либералды-идеалистік парадигма негізінде қауіпсіздікті түсіндіру. Жаһандану жағдайындағы қауіпсіздік тұжырымдамасының трансформациясы. Қауіпсіздік теорияларының негізгі парадигмаларына салыстырмалы талдау. Ұжымдық қауіпсіздік тұжырымдамасы. Кешенді қауіпсіздік. Қауіптің тепе-теңдік теориясы.

Тақырып 2. Халықаралық қауіпсіздіктің қазіргі жүйесін қалыптастыру.

Қазіргі халықаралық қауіпсіздіктің күн тәртібі. Жаңа әлемдік тәртіптегі жаһандық мәселелер. Жаһандық қауіпсіздіктің жаңа факторларының мәні. Аймақтық және ұлттық қауіпсіздікті анықтаудағы жаңа көзқарастар. Қауіпсіздіктің негізгі өлшемдері. Қауіпсіздіктің жаңа өлшемдерін талдау. «Қатан» және «жұмсақ» қауіпсіздік мәселелерінің сипаттамалары. Қауіпсіздік проблемаларын әртараптандыру себептері. Қауіпсіздіктің экономикалық өлшемінің мәні. Қауіпсіздіктің экологиялық өлшемінің мәні. Энергетикалық қауіпсіздік қазіргі кезеңдегі халықаралық қатынастардың факторы ретінде. Қауіпсіздіктің саяси өлшемінің мәні. Ақпараттық киберқауіпсіздік мәселелеріне қатысты көзқарастардың эволюциясы.

Тақырып 3. Жаһандық қауіпсіздік мәселелері: жаппай қырып-жою қаруын таратпау мәселелері және БҰҰ қызметі.

Ядролық қаруды таратпау мәселелерін шешудің халықаралық-құқықтық механизмдері. Ядролық қаруды таратпау туралы шарттың мазмұны және оның маңызы. Ядролық сынақтарға жаппай тыйым салу туралы шарттың мазмұны

және оның маңызы. Ядролық қаруды таратпаудағы көпжақты құрылымдардың рөлі мен маңызы. Қазақстан Республикасының антиядролық саясаты. Қазақстанның ядролық қаруды таратпау режимін нығайту жөніндегі бастамалары. Орталық Азияның ядролық қарудан азат аймақ мәртебесіне жету жолдарын талдау.

Тақырып 4. Қауіпсіздіктің жаңа өлшемдері: экономикалық, энергетикалық және экологиялық өлшемдер.

Қауіпсіздіктің экономикалық өлшемінің мәні. Қазіргі халықаралық қатынастар жүйесіндегі экологиялық фактордың рөлі. Табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану және қоршаған ортаны қорғау мәселелері. «Тұрақты даму» түсінігі және оның халықаралық қауіпсіздікке әсері. Тұрақты даму проблемасы және халықаралық қауіпсіздік мәселелері. Энергетикалық қауіпсіздік қазіргі кезеңдегі халықаралық қатынастардың факторы ретінде. Ұжымдық қауіпсіздік жүйесінің БҰҰ, НАТО немесе ШЫҰ мысалында жұмыс істеуі және өзгеруі.

Тақырып 5. Қауіпсіздіктің жаңа өлшемдері: саяси, гуманитарлық және ақпараттық өлшемдер.

Қауіпсіздіктің саяси өлшемінің ерекшеліктері. Қауіпсіздік ақпараттық өлшемінің түсінігі. Халықаралық қауіпсіздік үшін жаһандық технологиялық революцияның тегеуріні. Қазіргі қоғам мен трансұлттық экстремизмді желілендіру үдерістерінің өзара әсері. Киберқауіпсіздік мәселелері және оны қамтамасыз ету нысандары. Халықаралық қауіпсіздіктің демографиялық және гуманитарлық өлшемдерінің ерекшеліктері. Халықаралық қауіпсіздік жағдайындағы көші-қон үдерісінің динамикасы. Халықаралық қауіпсіздік кеңістігіндегі мемлекеттік емес субъектілердің рөлі.

Тақырып 6. Халықаралық терроризм мен діни экстремизмнің түсінігі, мәні және ерекше белгілері.

Халықаралық терроризмнің мәні жаһандық және аймақтық қауіпсіздікке қатер ретінде. «Радикализм», «экстремизм» ұғымдарын зерттеудегі жаңа көзқарастар. Радикалды ойлардың өсуіне әсер ететін факторлар. Қазіргі халықаралық терроризм мен экстремизмге қарсы күрес мәселелері. Әлемдік жетекші елдердің халықаралық терроризм мен радикалды экстремизмге қарсы іс-қимыл тәжірибесі. Орталық Азиядағы халықаралық терроризм мен экстремизмге қарсы күрес нысандарын талдау. Есірткі саудасының, ұйымдасқан қылмыстың өсу мәселесі. Орталық Азия мемлекеттеріндегі діни радикализмге, экстремизмге және терроризмге қарсы күрес әдістерінде ерекшеліктер мен ортақтық. Аймақтық ұйымдар шеңберінде Орталық Азиядағы қазіргі халықаралық терроризм мен экстремизмге қарсы күрес мәселелері.

Тақырып 7. ХХІ ғасырдағы ұлы державалардың (АҚШ, Қытай, Ресей, ЕО) Орталық Азияға бағытталған қауіпсіздік стратегиялары

Ресей Федерациясының аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі қазіргі геосаяси ұстанымы мен доктриналық өзгерістері, Америка Құрама Штаттарының Орталық Азиядағы аймақтық қауіпсіздік мәселесіндегі алатын орны мен жаңа стратегиялық басымдықтары, Қытай Халық Республикасының аймақтық тұрақтылықты нығайтудағы қауіпсіздік саясаты мен «Бір белдеу – бір жол» бастамасының қауіпсіздік аспектілері, Еуропалық Одақтың Орталық Азияға арналған қазіргі қауіпсіздік пен тұрақты даму стратегиясы.

Тақырып 8. Солтүстікатлантикалық альянстың (НАТО) жаһандық кеңеюі және Еуропа мен Азия-Тынық мұхиты аймағының қауіпсіздік дилеммасы

XXI ғасырдағы НАТО-ның жаңа стратегиялық тұжырымдамасы және оның еуропалық қауіпсіздікке әсері, Азия-Тынық мұхиты аймағындағы (АТА) әскери-саяси блоктардың белсенділігі мен жаңа қауіпсіздік аспектілері, Еуропа құрлығындағы жаңа қауіпсіздік жүйесін модельдеу және мемлекеттердің қорғаныс доктриналарының өзгеруі, Қазақстанның еуропалық қауіпсіздік және ынтымақтастық құрылымдарымен көпвекторлы байланыстарының қазіргі сипаты.

Тақырып 9. XXI ғасырдағы Таяу және Орта Шығыстағы геосаяси текетірес және Ауғанстандағы жағдайдың аймақтық әсері

Таяу Шығыс аймағындағы заманауи қауіпсіздік мәселелері және халықаралық қақтығыстардың жаңа фазасы, Орта Шығыстағы аймақтық қауіпсіздік архитектурасындағы державалар бәсекесі, Қазіргі кезеңдегі Ауғанстандағы саяси және гуманитарлық ахуалдың Еуразиялық қауіпсіздікке тигізер тікелей ықпалы, Аймақтық шиеленістерді реттеудегі сыртқы акторлар мен жергілікті коалициялардың заманауи мүдделері

Тақырып 10. Қазіргі халықаралық қатынастардың жаңа геосаяси өлшемі

Соғыс және бейбітшілік мәселелері. Дәстүрлі географиялық және экономикалық детерминизмді жеңу. COVID-19 пандемиясының әлемдік саясатқа әсері. Полюстердің геосаяси моделі және категориясы. Ауған мәселесі. Сирия дағдарысы. Ресей-Украина қақтығысы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Арыстанбекова А.Х. Глобализация. – Алматы, 2007.
2. Введение в теорию международных отношений /Под ред. А.С.Манькина. - М., 2001.
3. Макиавелли Н. Государь. М., 1990.
4. Международные отношения и мировая политика. Учебник. /Под ред. П.А. Цыганкова – М., 2015.
5. Токаев, К.К. Внешняя политика Казахстана в условиях глобализации. - Алматы: АО "САК", 2000.

6. Торкунов, А. В. Современные международные отношения : учебник /Торкунов А.В. , Мальгин А. В. – М., 2017. - 688 с.

7. Алексеева Т.А. Внешнеполитический процесс. Сравнительный анализ: Учеб. пособие для студентов вузов / Т.А. Алексеева, А.А. Казанцев. — М., 2012. — 223 с.

8. Байзакова К.И., Кукеева Ф.Т. и др. Динамика баланса сил в геополитическом окружении Республики Казахстан. Учебное пособие. - Алматы, 2016.

9. Международная безопасность: Глобальные и региональные акторы / Отв. ред. М.М.Лебедева, Ю.А.Никитина. — М., 2020. — 312 с.

10. Bent Jesper Christensen Carsten Kowalczyk Globalization. Strategies and Effects. Berlin, 2017.

«Халықаралық оқиғаларды қойылымды-сараптамалы болжау» пәні

Тақырып 1. Халықаралық жағдайларды сценарийлік-болжамдық талдаудың объектісі, пәні және ерекшеліктері

Халықаралық жағдайларды талдаудың жалпы теориялық және әдіснамалық негіздері. Халықаралық саяси қатынастар аясындағы болжамдаудың басты проблемаларының анализі мен идентификациясы. Дипломатиялық тәжірибедегі қысқа мерзімді алдын ала айту мен ғылыми негізделген халықаралық болжамдаудың құрылымдық айырмашылықтары мен негізгі сипаттамаларының салыстырмалы анализі. Мемлекеттердің сыртқы саяси шешімдерді қабылдау үдерісіндегі халықаралық болжамдаудың қолданбалы маңызы мен практикалық құндылығының негіздемесі.

Тақырып 2. Халықаралық саяси жағдайдың концепциясы, құрылымы, деңгейлері мен функциялары

Халықаралық саяси жағдайдың құрылымдық элементтері мен негізгі деңгейлерінің сипаттамасы. Халықаралық қатынастардағы жағдайлық талдаудың атқаратын негізгі функцияларының анализі. Сыртқы саяси процестерге әсер ететін сыртқы экономикалық, әлеуметтік және ішкі саяси факторлардың өзара байланысы мен кешенді бағасы.

Тақырып 3. Батыс Еуропа мен Америка Құрама Штаттарындағы саяси талдау мектептері мен әдістемесінің эволюциясы

Батыс елдеріндегі халықаралық жағдайларды талдау және саяси сараптама орталықтарының қалыптасу тарихы мен даму тенденциялары. Әлемдік саясатты зерттеудегі негізгі теориялық мектептер мен жүйелік тәсілдердің салыстырмалы анализі. Саяси талдаудың заманауи бағыттары мен арнайы ғылыми тәсілдерінің сипаттамасы.

Тақырып 4. Ақпараттық-аналитикалық жұмыс: Мәліметтер тапшылығы мен халықаралық деректерді жинау әдістері

Сыртқы саяси ақпараттың жеткіліксіздігі жағдайындағы мәліметтер тапшылығы мәселесінің анализі мен сараптамалық бағасы. Халықаралық болжамдаудағы ақпараттық белгісіздікті шешудің мүмкін болатын тиімді жолдарының негіздемесі. Халықаралық қақтығыстар мен жедел шиеленістер аймағында сенімді әрі шынайы мәліметтер жинаудың негізгі әдіснамалық қиындықтары мен кедергілерінің бағасы.

Тақырып 5. Сценарийлік талдаудың әдістемесі, құрылымы және базалық үлгілері

Халықаралық болжамдаудағы көпнұсқалы сценарий ұғымының теориялық мәні мен оның ғылыми дефинициясы мен түсіндірмесі. Халықаралық процестердің даму тенденцияларына қатысты қалыптасатын оңтайлы, қауіпті және шынайы сияқты үш негізгі базалық сценарийдің ішкі логикасының анализі мен сипаттамасы. Халықаралық қатынастар талдаушысының сценарийлік модельдерді құру барысында саяси тәуекелдер мен белгісіздік факторларын басқару тәсілдерінің негіздемесі.

Тақырып 6. Болжамдаудың құралдары мен модельдері: сызықтық трендтер, құрылымдық матрицалар және себеп-салдарлық байланыстар

Статистикалық мәліметтерге негізделген сызықтық трендтік болжамдау әдісі мен екі өлшемді екі де екі сценарийлік матрицасының құрылымдық айырмашылықтарының салыстырмалы анализі. Халықаралық жүйедегі күрделі құбылыстардың өзара тәуелділігін модельдеуге арналған себеп-салдарлық байланыстар диаграммаларының болжамдауда қолданылу механизмінің анализі. Уақыт горизонтының қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді саяси болжамдардың дәлдігі мен сапасына тигізетін әсерінің салыстырмалы анализі.

Тақырып 7. Аналитикалық объективтілікті сақтау, когнитивтік шектеулер және сараптамалық қателіктерді тексеру тетіктері

Халықаралық жағдайларды біржақты субъективті талдаудан қашуға және зерттеушінің аналитикалық соқырлығын жоюға арналған арнайы әдістердің бағасы. Стратегиялық белгісіздікті азайтудағы өлім алдындағы талдау мен шайтан қорғаушысы тәсілдерінің салыстырмалы анализі. Халықаралық болжамдаудағы өзінің дұрыстығын растауға бейімділік ұғымының қатерлері мен тәуекелдерінің анализі. Сараптамалық тұжырымдардың негізінде жатқан бастапқы пайымдаулардың дұрыстығын қайта қарауға арналған негізгі болжамдарды тексеру әдісінің маңыздылығының негіздемесі.

Тақырып 8. Сарапшылардың ойлау модельдері, сандық әдістер және сценарийлерді верификациялау құралдары

Халықаралық болжамдаудағы икемді түлкі және бір бағытты кірпі аналитикалық ойлау тәсілдерінің айырмашылықтары мен олардың зерттеу нәтижесіне ықпалының анализі мен идентификациясы. Саяси процестерді

айқындаудағы халықаралық болжамдаудың заманауи сандық әдістерінің қолданылу аясы мен беретін артықшылықтарының бағасы. Әзірленген сценарийлердің орындалу барысын уақытылы бақылаудағы және верификациялаудағы өзгеріс индикаторларының ролі мен маңызының дефинициясы.

Тақырып 9. Ғаламдық болжамдау, құрылымыдық факторлар, көшбасшылық шешімдер және жүйелік шоктар

Халықаралық болжамдау үдерісінде жеке көшбасшылар мен мемлекет басшыларының саяси шешімдері мен жүйелік-құрылымдық факторларды қатар ескеру қажеттілігінің негіздемесі. Сценарийлік талдауда халықаралық жүйенің даму бағытын күрт өзгертетін күтпеген тосын оқиғалар ұғымының идентификациясы мен оның ролінің анализі. Халықаралық қатынастар жүйесіндегі бір аймақтық дағдарыстың жаһандық деңгейге таралуына негізделген тізбекті реакциялар механизмі мен оларды алдын ала болжау жолдарының анализі.

Тақырып 10. Орталық Азиядағы геосаяси динамика, ірі акторлардың стратегиялары және Қазақстанның сыртқы саяси форсайты

Ресей Федерациясы, Қытай Халық Республикасы және Америка Құрама Штаттары секілді ірі акторлардың Орталық Азия аймағындағы геосаяси мүдделері мен стратегияларының болжамдық анализі. Орталық Азия елдерінің Еуропалық Одақпен ынтымақтастығының анализі және болашақтағы қарым-қатынастардың оңтайлы даму сценарийі. Ресей-Украина дағдарысы мен Ауғанстандағы жағдай мысалында аймақтық қақтығыстар мен белгісіздіктердің нәтижеге ықпалының бағасы. Көпвекторлы дипломатия концепциясының дефинициясы мен оның Қазақстан Республикасының сыртқы саяси теңгеріміне тигізетін әсері мен болашақ трендтерінің модельдік анализі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Арыстанбекова, А. Х. Современные тенденции в международных отношениях / А. Х. Арыстанбекова. - Алматы : Дайк-Пресс, 2010. - 364 с
2. Современная мировая политика: Прикладной анализ / Отв. ред. А. Д. Богатуров. — 2е изд., испр. и доп. — М.: Аспект Пресс, 2010. — 592 с.
3. Лаумулин М. Центральная Азия в зарубежной политологии и мировой геополитике / М. Лаумулин. Алматы : КИСИ, 2009. 280 с.
4. Mannheim, J., Rich, R. Political Science. Research Methods / J. Mannheim, R. Rich. M.: The whole world, 2010. — 544 p.
5. Международные отношения: теории, конфликты, движения, организации / Под ред. П.А. Цыганкова, Л.О. Терновой. М: КНОРУС, 2017.

6. Хрусталеv М. А. Х95 Анализ международных ситуаций и политическая экспертиза: Учеб. пособие для вузов — М.: Издательство «Аспект Пресс», 2015. — 208 с.

7. Ожиганов Е. Н. Моделирование и анализ политических процессов. — М.: Издательство РУДН, 2020. — 190 с.

8. А. Василенко. Ахременко, А. С. Политический анализ и прогнозирование : учеб. пособие /. 333 с.